КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 27 қазан №5265-23-00-2/2568 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Г.Ж.Жолбарыс төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай- Басқарма)

ЖАУАПКЕР:
«Уровень строй» жауапкершілік шектеулі серіктестік (әрі қарай- ЖШС, Серіктестік)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұл өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 - баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-нің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

«Уровень строй» ЖШС-гі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Уровень строй» ЖШ-нен (БСН 200 940 011 851) мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық айыппұл 83 507 (сексен үш мың бес жүз жеті) теңге, мемлекеттік баж салығы 4 230 (төрт мың екі жүз отыз) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 27.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 05.12.2023, судья Жолбарыс Г. Ж., 05.12.2023
5265-23-3-1/2925

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья Г.Жолбарыс

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 27.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.12.2023, судья Жолбарыс Г. Ж., 05.12.2023

5265-23-3-1/2925